

ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

08.04.2026 жыл

Өткізілген орны: «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК ғимараты
(мекен-жайы: Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39)

басталу уақыты: сағ: 12:00

аяқталу уақыты: сағ: 12:40

Төрағалық етті: Емхана директорының міндетін атқарушы Н.Умбеткалиева

Отырысқа қатысушылар саны: 43 емхана қызметкерлері

Күн тәртібі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша жүргізілетін ішкі талдау бойынша хабарлау және сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау бағытындағы құқықтық түсіндіру жұмыстары.

Жиналыстың мақсаты:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық негіздер.
- Медицина саласындағы жемқорлық тәуекелдері.
- Алдын алу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Жиналыс барысы:

1.Жиналысты емхана директорының міндетін атқарушы ашып, күн тәртібіндегі мәселеге тоқталды.

Емханада жүргізілетін ішкі талдау бойынша тоқталып өтті және жалпы жемқорлықпен күрес бағытындағы заңнама талаптары туралы сөз қозғалды.

2. Келесі сөз кезегінде емхана комплаенс офицері А.Кумарғалиева:

Құрметті әріптестер!

Маңызды мәселе — медицина саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және заң талаптарын қатаң сақтау.

Біріншіден, сіздерге қатаң түрде тапсырылатын талап:

өздеріңіз басқарып отырған немесе қызмет атқарып жүрген ұйымдарда медицина және өзге де қызметкерлердің заңға қайшы әрекеттеріне, соның ішінде пациенттерден заңсыз ақша талап ету фактілеріне жол бермеу қажет.

Егер мұндай жағдайлар анықталған болса, оларды жасыруға болмайды — дереу құқық қорғау органдарына хабарлау міндетті.

Екіншіден, медицина және фармацевтика қызметкерлерінің:

- өз міндеттеріне немқұрайлы қарауы,
- заңға қайшы әрекеттері немесе әрекетсіздігі

ауыр құқықтық салдарға әкелетінін ұмытпау керек.

Осыған байланысты, қызметкерлер арасында заңмен көзделген жауапкершілік пен оның зардаптары туралы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Үшіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланатын материалдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізу маңызды.

Егер денсаулық сақтау ұйымдарына қатысты сын-пікірлер немесе құқық бұзушылықтар туралы ақпараттар жарияланса, сол мәселелердің өз ұйымдарыңызда орын алмауы үшін тиісті алдын алу шараларын қабылдау қажет.

Төртіншіден, ерекше назар аударатын мәселе — мүдделер қақтығысын болдырмау.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы сәйкес, мүдделер қақтығысы — бұл лауазымды тұлғаның жеке мүддесі мен оның қызметтік міндеттері арасындағы қайшылық. Мұндай жағдай қызметтік міндеттерді дұрыс орындамауға әкелуі мүмкін. Сондықтан:

- мүдделер қақтығысына жол бермеу,
- ал ондай жағдай туындаса, оны дер кезінде жою бойынша заңда көзделген шараларды қабылдау — әрбір қызметкердің міндеті. Сонымен қатар, аталған Заңның 22-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- барлық мемлекеттік органдарға,
- ұйымдарға,
- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне

және лауазымды тұлғаларға міндетті түрде жүктеледі. Ескеретін маңызды жайт: ұйым басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — бұл тек заң талабы ғана емес, бұл қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Әрбіріңіз өз қызметтеріңізде адалдық, ашықтық және заңдылық қағидаларын ұстануға міндеттісіздер. Назарларыңызға рахмет!

Қорытынды:

Жиналыс барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бірқатар маңызды мәселелерге тоқталынды. Алдағы уақытта осы мәселелер бойынша және ішкі талдау бойынша қорытынды хабарланады, нақты шаралар қабылданады.

Төрайым:  Н.А.Умбеткалиева

Хатшы:  А.Кумаргалиева